

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.283-284

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙДА ЛИЗИНГТІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Иманғалиева М.

Тарихшылардың болжауынша алғашқы лизингтік қызмет туралы идеялар Аристотельдің еңбектерінде және Хаммурапи заңдарынан бастау алған. Венецияда XI ғасырда лизингтік операцияларға ұқсас мәмілелер жүргізілсе, ал орта ғасырларда әркімнің қолы жете бермейтін серілік қару-жарақтарды жалға беру кеңінен тараған қызмет түрі болған.

Экономикалық сөздікке лизинг терминінің енуі «Белл» телефон компаниясының операцияларымен байланыстырылады. 1877 жылы компания басшылығы телефон аппараттарын сату емес жалға беру туралы шешім қабылдап тарихта қалған. Лизингтік операцияларды қызмет негізіне алған “United States Leasing Corporation” компаниясы 1952 жылы Сан-Францискода құрылған, демек АҚШ-ты ресми түрде сол кезеңдегі жаңа бизнес түрінің отаны деп санауға толық негіз бар. Еуропада 1962 жылы «Дойче лизинг ГМБХ» деген бірінші лизингтік компания Дюссельдорфта құрылған³.

60 жылдары лизингтік бизнес Азия континентінде де дами бастады. Осылайша заманауи лизингтің дамуы XX ғасырдың ортасынан бастау алған және әлемде қаржылық жалға беру жүйесі қарқынды дамып, қызмет түрі қалың бұқараға көрсетіле бастаған. Қазіргі таңда дамыған елдердің экономикасына лизингтен 30-40% үлес инвестиция тиесілі.

Лизинг құнды мүлікті белгілі мерзімге жалға беріп, қызмет көрсетілетін тұлғаға осы мүлікті аталған мерзім өткеннен кейін сатып алуға мүмкіндік береді және көбінесе бұл қызмет түрі кәсіпорындарға арнайы техника мен автокөліктерді алуда қолданылады. Қызмет көрсету тәртібі үш жақты жүреді, бірінші, сатушы — өндіріске қажетті техниканы, құралдарды не көліктерді сатушы, екінші, осы тауарларды сатушыдан несиеге алушы компания, яғни лизингтік компания, үшінші, лизинг алушы — лизингтік компаниядан, тауарларды алуға қажетті несиені алады. Лизинг алу несие алудан жеңілірек, себебі банктер жобаларды басынан бастап қаржыландырмайды және несие тарихы тұрақты емес компаниялар қаржы операциясына қатыспайды.

Құрамына 833 лизингтік фирма кіретін Еуропалық лизингтік фирмалар қауымдастығының 1989 жылғы мәліметтеріне сәйкес, жыл сайынғы лизингтік операциялар көлемі Жапонияда 50, Австралия 12, Францияда 14, Италияда 6, Швецияда 3 млрд.долларға жеткен.

Әрине қазір бұл көрсеткіш едәуір өскен және әлемдік лизингтік қызмет нарығының алыптары болып саналатын АҚШ – Батыс Еуропа - Жапония үштігінің аясында шоғырланған.

Қазіргі таңда біздің елімізде кәсіпкерлік саласында енді бой түзеп, дамып келе жатқан қызмет түрлерінің бірі лизинг болып табылады. Материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын кеңінен пайдаланып, іскерлік пен жаңа бастамаларға жол ашатын бизнесті инвестициялар тартуға қауқарлы экономикалық тетік деп бағалауға болады.

Бірақ еліміздегі лизингтің жағдайы қалай? Немесе қаншалықты қол жетімді? Жалпы Қазақстандағы лизингтің тарихын, дамуын төрт кезеңге бөліп қарасақ болады. Бірінші, республикада лизинг қызметінің пайда болу кезеңі 1989-1992 жылдарды қамтиды. Екінші кезең 1992-1994 жылдар – айналымдағы ақшаның құнсыздануы салдарынан орын алған ішкі нарықтағы тұрақсыз экономикалық жағдай лизинг бизнесін де құлдыратты. Үшінші, 1995-1999 жылдар – лизинг қызметіне мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оңтайлы жағдайлар жасалып, қайта даму кезеңі. Ал төртінші, 1999 жылдан қазіргі таңға дейінгі кезең. Бұл кезең, лизингтік операцияларды маңызды заңнамалық актілер қабылдау арқылы реттеу жұмыстарының жүруімен ерекшеленеді. Атап айтар болсақ, Қазақстанда кәсіпкерлік саласында лизингтік қарым – қатынастарды дамытуға сәйкес 2000 жылдың 5 шілдесінде «Қаржылық лизинг туралы» Заң қабылданды. Бұл заң еліміздегі лизингті қаржыландыруды дамытуға бағытталған басты нысан болып табылады.

Дегенмен республикамыздағы лизингтік бизнес қай кезеңде де түрлі шешілмеген мәселелерге тап болып келеді. Мәселен, елімізде бұл салада қызмет ететін білікті мамандар аз, лизингті дамытудың нормативті-заңнамалық базасында көптеген қарама-қайшылықтар кездеседі, банктерде пайыздық мөлшерлеме жоғары, лизингтік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында кездесетін кедергілер мен қауіптер, лизингтік операцияны жүзеге асыруға бөлінген бюджет қаржысын толық қайтаруды қамтамасыз ете алмай қалу салдары. Бұл факторлардың барлығы тиімді бизнес түрін дамытуға қол байлау болып келеді. Әйтседе, осы салаға байланысты Заң қабылданып, күшіне енгеннен кейін коммерциялық банктердің қолдауымен көптеген лизингтік компаниялар ашылды. Заңнамаға «банктік лизинг» түсінігі енгізілгеннен кейін 2000 жылдың тамыз айынан 2003 жылдың мамыр айына дейінгі аралықта 9 банктік лизинг компаниялары құрылған.

Қазақстанда 1996-2000 жылдар аралығында экономиканың ауылшаруашылық секторында үлкен масштабтағы ірі жобаларды жүзеге асырудың мемлекеттік және аралас лизинг ұйымдастыру тәжірибесі жасалды¹. Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық Министрлігінің Лизинг қорымен қаржыландырылып, отандық тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық техникалары лизингтік қызмет айналымына енді, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бөліп төлеу арқылы Ресей мен АҚШ-тан комбайндар алынды. Бірақ, бұл сала елімізде дұрыс жолға қойылмағандықтан лизинг операцияларын жүргізуге мемлекеттің Лизинг

Қорына бөлген 4,5 млрд теңгесі қайтарылмады. Бизнеске салынған қаржының қайтарылмауы салдарынан Мемлекеттік лизингтік қор тарқатылды. Қордың қызметі мемлекеттік лизингтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жаңадан құрылған «ҚазАгроҚаржы» ЖАҚ жүктелді. Аталмыш компания қазіргі таңда еліміздегі лизинг саясатын жүргізіп отырған басты локомотив болып саналады.

Дегенмен лизингтік қызмет нарығында шешімі табылмаған мәселелер жеткілікті. Шаруа қожалықтары үшін сублизингті дамыту және айналымдағы ескірген құрал жабдықтарды жаңарту дер кезінде жүзеге асырылып тұрса, экономиканың нақты секторларынан өндіріске жаңа техникалар мен технологияларды ендіру жеделдетілсе игі. Жеке кәсіпкерлерге бұл қызмет түрін дамытуға қолайлы жағдай жасалып, отандық лизинг пен шағын кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан жасалатын қолдау күшейтілсе бизнестің алға жылжуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, бәсекелестік өндірісті құру, өнеркәсіптік өнімдер өндірісін күшейту, қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану сияқты мәселерді бір жолға қою қажет. Бұл сала дұрыс жолға қойылатын болса, қаржылық жалға алу, яғни лизинг банктен несие алуға қарағанда қол жетімді, тиімді және ресурстарды тартуға жеңіл қызмет түрі болмақ. Аталмыш қызмет түрі қол жетімді, сенімді болса, кәсіпкерлікті дамытып, бизнестің аясын кеңейтуге, жаңартуға жол ашатын жақсы мүмкіндік болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. А. Смагулов. Лизинг в Казахстане: опыт, проблемы, перспективы. Алматы 2008
2. <http://economica.kz/leasing>
3. <http://www.slc-leasing.ru/istoriya>